



Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
Орта топ
Қаңтар

Айы	Ұйым/ған іс-әрекет	Ортаңғы топ Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Арқаннан ұстап жүру. Тепе - теңдікті сақтау. Қырлы тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. Әр түрлі бағытта жүгіру, Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру . Еңбектеу, өрмелеу. Доғаның астымен (биіктігі 40 см) еңбектеу. Секіру. 15-20 см биіктіктен секіру, Спорттық жаттығулар: Шанамен бір-бірін сырғанату;	Арқаннан ұстап жүре алады. Жүруде тепе-теңдікті сақтайды. Оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады. Шанамен бір-бірін сырғанатады.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауыссыз (к-қ,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.	Дауыссыз(к-қ,) дыбыстарды анық айтады. Зат есімдерді жекеше түрде айта алады. Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.

		Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше түрде. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.	
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта Сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Өзіне айтылған сөзді түсінуін дамыту Сөздік қор Жануарлардың атауларын дұрыс айту Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді байланыстырып үйрету Байланыстырып сөйлеу Таныс ертегілерді өздігінен айтуға баулу	Сұрақтарға жауап береді. Өзіне айтылған сөзді түсінеді. Жануарлардың атауларын дұрыс атайды. Ертегілерді өздігінен дұрыс айтады	
Көркем әдебиет	Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.	оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;	
Математика негіздері	Сан: Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру. Шама: Жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру,	Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; жанына қою тәсілдері арқылы салыстыра біледі.	
Қоршаған ортамен	Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың	Кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады сипап сезуді	

	таныстыру	көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.	таниды.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау.	Ұжымдық құрылыс жасауға қатысады;
	Сурет салу	Бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.	Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады;
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді;
	Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз,	Геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді;
	Музыка	Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту.	Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;